

З.Ж. Аухадиева 

Алматы технологиялық университеті
Алматы қ, Қазақстан
zauresh.59@mail.ru

Ж.Е. Кекилбаева 

Алматы технологиялық университеті
Алматы қ, Қазақстан
zhaziledy@gmail.com

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ «БІР», «ЕКІ» САНДАР КОМПОНЕНТТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Ұсынылған ғылыми еңбекте қазақ және ағылшын тілдеріндегі дәстүрлі «бір», «екі» сандар компонентті фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Аталған мақаланың мақсаты құрылымы әртүрлі тілдерде кездесетін фразеологиялық бірліктердің өзгешеліктерін салыстыра көрсетіп, сандық ұғымдардың сөйлеу мәдениетіндегі ролі мен халықтардың әдет-ғұрпыларын, тұрмыстық өмір салттарынан және адамдардың күнделікті тәжірибесінен хабардар ететін өнімді тіркестер екенін дәлелдеп, олардың сөздік қордағы үлесін айқындау болып табылады.

Зерттеу жұмысының негізгі бағыттары – салыстырмалы, салғастырмалы тіл білімі, контрастивті лингвистика, фразеология және лексикография.

Мақалада әлемдік және отандық тіл білімі саласы зерттеушілерінің құрамында сандық тіркестері бар фразеологизмдерінің коннотативтік ерекшеліктері туралы жазылған ғылыми - теориялық еңбектеріне шолу жасалды, дегенмен де қазақ және ағылшын тілдеріндегі сан компоненті бар фразеологизмдерді салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаған жұмыстардың өте аз екендігі мақаланың өзектілігін көрсетеді. Аталған мақаланың жаңалығы – көптеген ғылыми еңбектерде қарастырылмаған сан компоненті бар фразеологизмдерге ағылшын және қазақ тілдерінде салыстырмалы түрде қарастыру, саралау және айқындау, ал олардың жинақталып, зерделенуі мақаланың ғылыми нәтижесі болып табылады. Ғылыми жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығы зерттеу барысында алынған нәтижелерді тәжірибелік сабақ беру және дәріс оқуда, глоссарий құрастыруда, әдебиет, аударма, ғылыми баяндамалар, мақалалар, дипломдық жұмыстар, білім саласындағы оқу бағдарламаларын дайындау барысында пайдалануға ұсынылады.

Тірек сөздер: сан, дәстүрлі, коннотативті, семантика, контрастивті лингвистика, фразеологиялық бірлік, символдық мән.

Кіріспе. Кез келген халықтың дүниетанымы мен санасы сол этностың тұрмысына, салт-дәстүріне, мәдениеті мен тарихына байланысты жаңарып отырады, яғни тілдің де бірге дамып әлем болмысын бейнелеу арқылы қабылдауы, ұлттың ойлау ерекшелігінің жоғары дәрежеде екенін растайды. Соның бір дәлелі - ішкі мағыналық тұрғысынан бір-

бірімен байланысып, тұрақты сөз тіркестеріне айналған фразеологизмдер. «Тұрақты тіркестердің семантикалық нәтижесі – фразеологиялық мағына. Адамдар сөйлеу қажеттілігін өтеу кезінде фразеологизмдерді алдымен айтайын деген ұғымның мағынасына қарай таңдайды екен» [1, 4-б.]. Қазақ тілінің фразеологизмдерінен даналық, өсиет, мақал-мәтел,

нақыл сөз түрінде келетін тіркестер де тілдік қолданыста көптеп кездесетіндігін де айта кету керек. «Тіл біліміндегі «фразеология» термин сөзінің мағынасы кең, яғни белгілі бір тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрлерінің жиынтығы деген ұғымды аңғартады» [2, 34-б.].

“Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі” атты еңбек алғаш рет жинақталып, академик І. Кеңесбаевтың авторлығымен 1977 жылы басылып жарыққа шықты. Аталған сөздікте 11 мыңға жуық тіркестер қарастырылып, жинақталған, көптеген ғылыми зерттеулерге негіз болған салмақты жұмыстардың бірі. Фразеологизмдерді он төрт түрлі топқа бөліп мағыналары бір-біріне жуық тіркестерді сөздік ретінде халыққа ұсынған елеулі еңбектердің қатарына Гүлдархан Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі» туралы айта кеткен жөн. Тұрақты тіркестерді классификациялап, олардың құрамы мен мағыналарын, компоненттердің ара қатынасын жіктеген В.В. Виноградовтың зерттеуі талай ғылыми мақалаларға арқау болды, мұндай бағыттарды қолдаған пікірлер К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Р. Сәрсенбаевтардың еңбектерінде де кездеседі. Фразеологизмдердің теориялық әдіснамалық негізін қалауда Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзақов, М. Сарыбаева, Х.А. Арғынбаев, Л. Жолдасбекова сияқты лингвист зерттеушілердің еңбектерінің ролі зор екенін тілге тиек еткіміз келеді. В.В. Виноградовтың топтамасын үнемі толықтырып отыратын ғалым Н.М. Шанскийдің пікірінше, фразеология тек тұрақты сөз тіркестермен шектелмейді, оған қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді де қосу керектігін айтады. Н. Н. Амосова фразеологиялық бірліктердің екі түрін - фраземалар мен идиомаларды ажырата отырып,

фраземалар фразеологиялық негіздің ең мобильді бөлігін құрайтынын мойындайды. А.И. Смирницкий ағылшын тілі фразеологизмдерін тұрақты тіркестерге бөліп, олардың экспрессивті және эмоционалды қасиеттерге ие, ал стилистикалық тұрғыдан бейтарап екендігін дәлелдеген. Н. Күçükler, М. Murzaci ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктердің қалыптасуы жолындағы олардың теориялық және практикалық маңызын зерделеді. П. Патрицаның мақаласында ағылшын тіліндегі лингвокультуралық аспектілер негізінде пайда болған географиялық атаулары бар фразеологиялық бірліктер зерттелді. Damien Villers өз ғылыми жұмысында фразеология мен паремиялогияның негізгі тұжырымдамаларын және олардың бір-бірімен байланысын анықтап, талдау жасаған. Chitra Fernando «Idioms and Idiomaticity» атты еңбегінде ағылшын тілінің идиома мен идиомалық тіркестерін функционалдық тұрғыдан кешенді түрде қарастыра отырып, дискурстағы идиомаларға талдау жүргізген. А. Langlotz, К. Stathi, R. Moon, A. Cowie, U. Weinreich еңбектерінде ағылшын тілі фразеологизмдерінің ерекшеліктері туралы жан-жақты мағлұмат беріліп қана қоймай, сонымен қатар дүние жүзінің тілдерінің ішіндегі фразеологизмдерге ең бай тілдердің бірі екені туралы да айтылды.

Материалдар мен әдістері. Фразеологиялық тіркестер мен идиомаларды зерттеу үшін Г. Смағұлова «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі», Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік және Оксфорд ағылшын тілі сөздігі пайданылды.

Зерттеу барысында салыстыру және салғастыру әдісі, мысалдарда кездесетін фразеологизмдерге семантикалық талдау жасау әдісі қолданылды.

Нәтижелер және талқылау.

Түркі тілдер семьясына жататын қазақ тілі өзінің образды тіркестерімен, соның ішінде сан атауларымен байланысты лексика-фразеологиялық бірліктерімен белгілі. Фразеологизмдерде сан есім жаңа, әдеттен тыс белгілерге ие болып, сапа жағынан басқаша бір мағыналық өзгешеліктерге ұшырайды. Бұл жағдайда олар тек санды көрсету үшін ғана емес, сонымен қатар ерекше символдық мәнді де білдіретінін айта кету керек. Түркі тектес халықтардың сан есімдері туралы В.А. Горделевский, Н. Поппе, И. Зенга, Ф. Розенберг, Г. Рамстед, В. Бартольдт, В. Радлов сияқты ғалымдар тарихи-салыстырмалы зерттеулер жасаса, қазақ тіл білімінде сан атаулары І. Кеңесбаевтың, Ә. Хасеновтің, Т. Жанұзақовтың, Е. Қойшыбаевтың, Ж. Байзақовтың, Н. Уәлиұлының, А. Елешеваның, Қ. Ғабитханұлының, Қ. Дүсіпбаеваның, Р.А. Авакова, Ж.Б. Курмамбаева, С. Қасымова, С. Жардекова, К. Рысбаева, А.А. Бакиева зерттеулерін осының дәлелі ретінде қарастыруға болады.

«Тіліміздегі сандық ұғымды білдіретін тілдік бірліктер, сан компонентті фразеологизмдер – халқымыздың әр кезеңдегі өмір тарихынан хабар беретін құнды тілдік дерек көздері болып табылады. Халықтың күн көріс, тұрмыс-тіршілігі негізінде өрбіген түсінік-пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады» [3,55-б.]. Кейбір тілдердің сандық бірліктері тұрақты тіркестердің негізгі компоненттері ретінде қолданылып сол тілдерде сөйлейтін халықтардың қоғамдық құрылысынан, олардың арғы тегінен, материалдық және рухани мәдениетінен ақпарат беріп отырады. Мәселен, қазақ тіліне келсек «Негізінен, тұрақты тіркестер

құрамында жиі кездесетін сандар қатарына «бір», «екі», «үш», «жеті», «тоғыз», «қырық», «жүз», «мың» сандары жатады және аталған сан есімді тіркестер халықтың салт-санасын, дәстүрін, дінін білдіретін тұрақты тіркестер құрамында келеді» деген пікірді кездестіруге болады [4, 79-б.]. Ал, ағылшын тіліне келсек сандық бірліктер фразеологиялық тіркестердің, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің қалыптасуына белсенді қатысып, үлкен фразеологиялық сөздік қордың дамып отыруына, толығуына ықпалын тигізетіні белгілі болған. Ағылшын тілінде сан қатарының алғашқы қатарында тұрған 1-10 бірліктерімен кездесетін фразеологиялық тіркестер жиі кездеседі (А.Р. Cowie, С.Д. Fillmore, О. Pyskach, V.V. Shevchenko, J.R. Taylor, V.N. Tорогов, S. Sadigova). Қазақ тіліндегі нумеративті фразеологизмдерді ағылшын тілінің сан компоненті бар тіркестерімен салыстыра зерттеу барысында кездесетін ғылыми жұмыстардың бірен-саран екеніне көз жеткіздік, дегенмен де Ш. Мажитаева, Э.Т. Кыдырмолдина, А.А. Рахимкулова еңбектері осы саладағы олқылықтардың орнын толтыруға әбден лайықты.

Ағылшын және қазақ этникалық мәдениетінің негізін құрайтын көне наным-сенімдер мен салт-дәстүрлер, сондай-ақ қоғамдық-әлеуметтік қарымқатынас жүйесінде жинақталған тәжірибенің пайымдық деңгейдегі қорытындыларының санау жүйесіне қатысы бар «киелі - holy» және «дәстүрлі - traditional» сандар арқылы кодталуы тілдің кумулятивтік қызметімен тығыз байланысты екенін атап өтіп, әр санға екі тілде арнайы талдау жүргіземіз. Жалпы, қазіргі уақытта адамзаттың сандарсыз өмір сүруі екіталай, себебі біздің жүріп-тұруымыз, ішетін тамағымыз, киетін киіміміз, алатын жалақымыз, емделуіміз, демалысымыз барлығы да

сандарға тәуелді. Цифрландыру дәуірінде кез келген ақпарат, мәтін белгілі сандардан құралған код арқылы жеткізіледі, сол себепті сандар өзінше киелі және дәстүрлі, себебі біз сандарға тәуелдіміз және біздің өміріміздің әр сәті сандармен есептеледі.

Екі тілдің *бір-one* компоненті бар фразеологизмдерін салыстырғанда, ағылшын тілінде *one* сөзімен келетін фразеологизмдердің саны - 45, ал қазақ тілінде шамамен - 65.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің көбісі сандық өлшемдік, мөлшерлік ұғымдарға, адамның мінез-кұлқын, қасиеттерін сипаттауға және тұрмыс, салт - дәстүріне байланысты пайда болған. Мысалы: *бір айдам жер - шамамен алғанда ширек гектар жер; бір аттам - бір қадам жер - қол созса жететіндей өте жақын жер; бір жапырақ - шамамен 2-3см; бір қарыс - 20 см; бір елі - 2 см; бір үйір жылқы - шамамен 150-160 жылқы басы, бір асым - бір рет асуға келетін еттің шамасы, мөлшері; бір уыс - аз ғана, кішкентай* тіркестерінің қазақ халқы үшін өмірлік маңызы болған, кеңістікті, баратын жердің бағыт-бағдарын, шамалауды осындай тіркестер арқылы жеткізіп отырған. [5, 13-б.]. *Бір бет, бір басқаны күкірт, бір басқаны тотияйын, бір беткей* тіркестері өз айтқанынан қайтпайтын, пәле қуған адамға қатысты айтылған, ал *бірді бірге соғу* адамдар арасында алауыздық тудыратындарға арналған. *Біреудің ала жібін аттамау - адалдықты жоғары қоятын адамдар үшін айтылған, бір күн ұрыстың қырық күндік қырсығы бар* немесе *бір елі ауызға екі елі қақпақ* тіркестерінің тәрбиелік маңызы зор деп айтуға болады. Қауымды татулыққа, бірлікке шақыратын тіркестердің жиі қолданылуы қазақ халқының саяси және қоғамдық өмірінде алатын орны

ерекше болған, мысалы, *бір жеңнен қол, бір жазадан бас шығару, бір бас, бір тас болу, бір ауыз сөзге келмеу т.с.с.*

Ал, ағылшын тіліндегі *one* сөзіне қатысты фразеологизмдердің басым көпшілігі бірегейлікті, бірлікті және тұтастықты сипаттайтыны айтқымыз келеді. Мысалы, *with one accord, to be at one* сияқты фразеологизмдер бірлікті, *be made one* қосылу дегенді білдірсе, *one of a kind, one in a thousand* фразеологизмдері «жалғыздық пен көптің бірі» деген мағынаны нұсқаса, топтан өзін ерекше етіп көрсету үшін *for one* тіркесі қолданылады екен. Мәселен, *the one and only - жалғыз, one of a kind - бірегей, one off - бірегей* тркестері осының дәлелі бола алады, ал мезгілдік мәнде кездесетін фразеологизмдер де баршылық *one day - бір күні; one or two - сәл, аз ғана; one time - бұрынғы, ескі*. Ағылшын тіліндегі сан есімді тіркестер адам қасиеттерін мен олардың физиологиялық жағдайын, тілектерін сипаттауда да жиі қолданылатын бірліктер ретінде қарастырылады, мысалы, *one too many (too much) for smb - бәрінен күшті және қу адам; one upmanship - қарсыласын жеңе білетін адам; one-track mind - төмен ой-өрісі; to look after number one - өзінің қамын ғана ойлау; one of the first - жүйріктің жүйрігі* дегенді, ал *number one - кіші діретке бару; to be one up on smb - жолы болу* дегенді меңзейді.

Осы екі тілдің *бір* және *one* сөзімен байланысты келетін фразеологизмдерін салыстырғанда, семантикасы мен атаулары жағынан ұқсас мағына білдіретін мынадай фразеологизмдер анықталды: *бір болды - to be at one; түгел, тегіс, бәрі бірдей, бір ауыздан - with one accord (voice); ерекше, өзінше, бір бөлек, бір төбе the one and only; бір туар, қайталанбас - one of a kind, бір күні - one day;*

барлығы бір адамның бойында - *all in one*; бәрі бір дауыстан - *they spoke with one voice*, бір адамдай - *as one*.

Қазақ тілінің кейбір тіркесте-рінде бір саны жоқ болса да мағынасы жағынан ағылшын тіліне сәйкес келетін фразеологизмдер де баршылық, мысалы, *жалғыздың үні шықпас* – *one tap, no tap*; *өзінің қамын ғана ойлау* - *to look after number one*; *ой-өрісі төмен* - *one-track mind* т.с.с.

Қазақ тіліндегі құрамында екі деген сөзі бар фразеологизмдердің саны шамамен - 58, ал ағылшын тіліндегі *two* лексемасымен құралған фразеологизмдер - 30. Олардың кейбіреуіне тоқталып өтсек әр түрлі мағыналарда, мәселен мезгілдік, көңіл-күй, ортақ іс, бірлік, шапшаңдық, келісушілік немесе келіспеушілік мәнінде қолданылатын тіркестерге жатады, айта кететін жайт фразеологиялық тіркестердің жалпы мағынасы құрамдас мәндердің жиынтығымен анықталады екен [6, 51-б.]. Мәселен:

екі кештің арасында – *кешкі уақыт*;

екі айналып келмейді - *қайта оралмайды, қайталап бола бермейді, қолға түспейді*;

екі бастан - *ежелден, қашаннан*;

екі дүние - *діни ұғымда екі дүние бар деп есептейді: бірі тірліктегі кез, бұл жалған дүние, екіншісі, адам өлгеннен кейінгі кез, бұл - шын дүние*;

екі езуі екі құлағында– *өте көңілді, көңілі көтеріңкі, қуанышты, мәз мейрам*;

екі ойлы болу – *күмәндану*;

екі иығы салбырау – *көңілсіз*;

екеу ара - *екі адамға ортақ, өзара*;

екі аяғын (өкпесін) қолына алды - *табаны сайға тимей жүгіре жөнелді, аяғы аяғына жұқпады, асығып келді*;

екі аяғын бір етікке тықты - *састырды, апшысын қуырды*;

екі елі ажырамайды (айрылмады, қалмады) - *үнемі жанында, қасында бірге болды*.

екеуден екеу - *екеу (екеуі) ғана, басқа жан жоқ*;

Екі саны жұп пен тақ, аз бен көп, жақсы мен жаман мағыналар-рында қолданылып оппозициялық ұғымдарды да меңзейді. Мысалы: екі дүние - бір қадам; екі жарылды; екі көзі төрт болу; екі жеу; екі көзінің ағы мен қарасы; екі айтқызбау; екіжүзді; екіойлы; екіұшты сөйлеу; екі ортаға жік салу;

Ал, ағылшын тіліне келсек *two* сан компонентті фразеологизмдердің өздеріне тән семантикасымен ерекшелетінін байқаймыз, мәселен: *split second* - *бір мезет*; *one or two* - *сәл*; *in two twos* – *тез тіркестері мезгілдік мәнде қолданылса, to put two and two together* - *жайдың мәнісін түсіну*; *to think twice* - *егжей-тегжейлі ойлану* дегенді білдірсе, *(as) certain (clear) as (that) two and two make four* - *анық, айқын*; *second to none* - *бұрын-соңды кездеспеген*; *two by four* - *майда, маңызсыз*; *to two time* - *алдап, арбау*; *two of a trade never agree* - *келіспеу*; *to want two pence in the shilling* - *ақыл-есі жетіспеу* *two heads are better than one* - *кеңесіп пішкен тон келте болмас, өз істегенін өзіне қайтару* - *two can play at that game*, *алдау, көзіне шөп салу* - *two time* сияқты фразеологизмдер жағымсыз, келеңсіз мағынада кеңінен қолданылады [7].

Екі тілде де *екі* - *two* санымен келетін фразеологизмдер «*екі, қос*» деген мағынаны білдіреді. Екі тілдегі құрылымы мен мағына жағынан ұқсас фразеологизм, тек біреу ғана. Ол: *екі жүзді* - *two faced*, бұл фразеологизм екі тілде де адамның алдында бір түрлі, ал артынан басқа сөз сөйлейтін сенімсіз адамға қатысты айтылса керек. Тағы бір айта кететін жайт, кейде фразеологиялық тіркестердің құрамындағы *two* саны түсіп қалуы мүмкін, бірақ тіркестің негізгі

мазмұны өзгермейді. Мысалы, *like as (two) peas* - "екі тамшы су сияқты", *as cross as (two) sticks* – "көңіл қошы жоқ".

Тілімізде сандық кодтарды қолдану арқылы әлемді, қоршаған ортаның, әртүрлі қабылдануы әр халықтың ұғым-түсініктеріне байланысты қалыптасқанын фразеологиялық тіркестер айқындап көрсетіп отыр [8, 527-б.].

Қорытынды. Зерттеу нәтиже-лері мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. «Бір - one», «екі - two» сандар қатарының алғашқы элементтері ретінде қарастырылды және екі тілде де бай ассоциативті сипаттамаларға ие. Аталған сандардың семантикасы олардың полисемиясының дамуында шешуші рөл атқаратыны дәлелденді және

келтірілген сандық фразеологиялық бірліктердің көпфункционалды екені айқындалды [9]. «Бір - one», «екі - two» сандары негізгі қасиеттерін тіл арқылы жүзеге асыра алатын көп өлшемді тұжырымдама деп сипатталды және тілдік құрылымы, рухани мәдениеті, салт-дәстүрі, тарихы мен дүниетанымы әртүрлі ағылшын және қазақ халқының тілдерінде кездесетін фразеологиялық тіркестердің семантикалық тұрғыдан ортақ ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, ұлттық менталитет, мәдени-тарихи дәстүрлерінің ерекше қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік берді, сонымен қатар «бір - one», «екі - two» сандары бар тіркестер екі тілде де өнімділігімен ерекшеленіп отыр [10].

Әдебиеттер тізімі

1. Смағұлова, Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі [Мәтін]. – Алматы: Елтаным баспасы, 2010. – 252 б.
2. Құламанова, З. Фразеологиялық бірліктердің көркем мәтіндегі қолданысы [Мәтін] / З.Құламанова, Т. Жанкулов, Г. Бектлеуов // Дулати университеті Хабаршысы. – 2024. – № 1. – 34-41 б.
3. Бакиева, А. Сан мәнді фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты [Мәтін] // А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – 2020. – № 4. – 55-59 б.
4. Қошанова, Н. Қазақ тіліндегі сан есімді тұрақты тіркестердің ерекшеліктері [Мәтін] / Н. Қошанова, Ж. Ергубекова, // *Tiltanym*. – 2022. – № 1 (85). – 67-81 б.
5. Төлебаев, Т. Қосалқы тарихи пәндер II бөлім: оқу құралы [Мәтін]. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 160 б.
6. Керимзаде Неджат, М. Фразеологическая деривация (английский язык): дис. кандидата филол. наук: 10.02.04 [Текст]. – М., 1984. – 200 с.
7. Pukaliak, M. Idioms with numbers in modern English [Text] // Науковий вісник Міжнародного гуманітарного університету. Філологія. – 2018. – № 33. – Т.2 – С. 97-99.
8. Pyskach, O., Phraseological Units with a Numeral Component in English and Ukrainian: A Comparative Aspect [Text] / O. Pyskach, O. Trebyk // *World Journal of English Language*. – 2023. – Vol. 13. – № 5. – P. 527-530.
9. Кыдымолдина, Э. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі сан компонентті тұрақты сөз тіркестері [Мәтін] / Э. Кыдымолдина, А. Рахимкулова, М. Тойғанбекова // Ш.Уалиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 4. – 144-155 б.
10. Andreici, M. Translation of Phrasemes. Professional Communication and Translation Studies [Text]. – 2016. – P. 153-166.

З.Ж. Аухадиева, Ж.Е. Кекилбаева

Алматинский технологический университет

г. Алматы, Республика Казахстан

СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННЫХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ С ЧИСЛОВЫМИ КОМПОНЕНТАМИ «ОДИН», «ДВА» В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация. В представленном исследовании анализируются семантические особенности традиционных фразеологизмов с числовыми компонентами «один» и «два» в казахском и английском языках. Цель работы – выявить различия и сходства фразеологических единиц в языках с различной структурой и показать, что числовые понятия представляют собой продуктивные языковые средства. Они отражают специфику речевой культуры, знакомят с обычаями и традициями народов, их бытовым укладом и повседневным опытом, а также вносят существенный вклад в формирование словарного запаса.

Основные направления исследования связаны с проблематикой сравнительно-сопоставительного языкознания, контрастивной лингвистики, фразеологии и лексикографии. В статье рассматриваются труды отечественных и зарубежных исследователей, посвящённые коннотативным аспектам фразеологизмов с числовыми компонентами. Особое внимание уделено тому, что сравнительный анализ подобных единиц в казахском и английском языках до настоящего времени проводился крайне редко, что и определяет актуальность исследования.

Научная новизна работы заключается в систематизации, классификации и уточнении фразеологизмов с числовыми компонентами в казахском и английском языках, многие из которых ранее оставались вне поля зрения исследователей. Полученные результаты расширяют представления о семантической организации фразеологического фонда и служат вкладом в развитие лингвистики.

Практическая значимость исследования проявляется в возможности применения его результатов при проведении лекционных и практических занятий, составлении глоссариев, а также в литературоведении, переводоведении, подготовке научных докладов, статей, дипломных работ и разработке образовательных программ.

Ключевые слова: число, традиционный, коннотативный, семантика, контрастивная лингвистика, фразеологическая единица, символическое значение

Z.Zh. Aukhadiyeva, Zh.E. Kekilbayeva
Almaty Technological University
Almaty, Kazakhstan

SEMANTIC PECULIARITIES OF TRADITIONAL PHRASEOLOGICAL UNITS WITH THE NUMERICAL COMPONENTS «ONE», «TWO» IN KAZAKH AND ENGLISH

Abstract. This study examines the semantic features of traditional phraseological units with the numerical components “one” and “two” in Kazakh and English. The aim of the research is to identify similarities and differences between phraseological units in languages of different structures and to demonstrate that numerical concepts function as productive linguistic means. They reflect the specifics of speech culture, convey national customs and traditions, everyday practices and experiences, and contribute significantly to the enrichment of the vocabulary.

The research is conducted within the framework of comparative and contrastive linguistics, phraseology, and lexicography. The article reviews the works of domestic and foreign scholars devoted to the connotative features of phraseological units with numerical components. Particular emphasis is placed on the fact that comparative analysis of such units in Kazakh and English has rarely been undertaken, which highlights the relevance of this study.

The novelty of the research lies in the systematization, classification, and refinement of phraseological units with numerical components in Kazakh and English, many of which have not previously been the subject of scholarly investigation. The results obtained broaden the

understanding of the semantic organization of the phraseological system and make a contribution to the development of phraseological studies.

The practical significance of the work is reflected in the possibility of applying its findings in lectures and practical classes, the compilation of glossaries, as well as in literary studies, translation studies, the preparation of academic presentations, articles, theses, and in the development of educational programs.

Keywords: number, traditional, connotative, semantics, contrastive linguistics, phraseological unit, symbolic meaning.

References

1. Смағұлова, Г. Мағұналас фразеологизмдер сөздігі [Dictionary of Synonymous Phraseological Units] [Text]. – Алматы: Eltanym баспасы, 2010. – 252p. [in Kazakh]
2. Құлманова, З., Жәңгір, Т., Бектеуов, Г. Фразеологиялық бірліктердің көркем мәтіндегі қолдануы [Use of Phraseological Units in Literary Texts] [Text] // Дулати университеті Хабаршысы – 2024. – № 1. – pp. 34–41. [in Kazakh]
3. Бакиева, А. Сан мәнді фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты [Ethnolinguistic Features of Number-Marked Phraseologisms] [Text] // А.Байтұрсынұов атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы – 2020. – № 4. – pp. 55–59. [in Kazakh]
4. Қоқанова, Н., Ергүбекқы, Ж. Қазақ тіліндегі сан есімді тұрақты тіркестердің ерекшеліктері [Peculiarities of Numeral Set Phrases in Kazakh] [Text] // Тілтаным. – 2022. – № 1 (85). – pp. 67–81.
5. Төлебаев, Т. Қосалқы тарихи пәндер ІІ бөлім: оқу құралы [Auxiliary Historical Disciplines. Part II: Teaching Manual] [Text]. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 160 p. [in Kazakh]
6. Керимзаде Нежат, М. Фразеологическая деривация (английский язык): дис. ... кандидата филол. наук:10.02.04 [Phraseological Derivation (English): PhD Thesis] [Text]. – М., 1984. – 200 p. [in Russian]
7. Пукалиак, М. Idioms with numbers in modern English [Text] // Науковий вісник Міжнародного гуманітарного університету. Філологія. – 2018. – № 33. – Vol. 2. – pp. 97–99.
8. Пыскач, О., Требык, О. Phraseological Units with a Numeral Component in English and Ukrainian: A Comparative Aspect [Text] // World Journal of English Language. – 2023. – Vol. 13. – № 5. – pp. 527–530.
9. Қыдымолдына, Е., Рақымқұлова, А., Тойғанбекқы, М. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі сан компонентті тұрақты сөз тіркестері [Numeral-Component Phraseological Units in English and Kazakh] [Text] // Ш.Уәліханов атындағы ҚУ хабаршысы. Филология сериясы – 2024. – № 4. – pp. 144–155. [in Kazakh]
10. Андрици, М. Translation of Phrasemes [Text] // Professional Communication and Translation Studies. – 2016. – pp. 153–166.

4.02.2026 ж. баспаға түсті
31.03.2026 ж. басып шығаруға қабылданды

Мақалаға сілтеме:



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).